

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АСПЕКТІСІ.

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЮВЕНАЛДЫ ӘДІЛЕТ

Альбеков С.А. 4 курс студенті «Құқық және экономика негіздері мамандығы»

Ғылыми жетекші: з.ғ.к, доцент **Укин С.К.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Қылмыстық сот әділдігі жүйесінде жасөспірімдермен жұмыс жүргізу әдістерін өзгертудің, іс-тәжірибеде қылмыстық азаматтық іс жүргізу төңірегінде кәмелетке толмағандар құқықтары мен заңды мүдделерін ерекше сақтаудың қажеттілігі 2008 жылғы 19 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында ювеналдық юстиция жүйесін дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған Тұжырымдамасын қабылдауға әкелді [3].

Тұжырымдамада кәмелетке толмағандарға қатысты сот ісін жүргізудің барлық кезеңінде сот әділдігін жүргізудің әсерлілігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік беретін Қазақстандағы ювеналды әділет элементтерін игеру мен дамытуды кезең-кезеңмен жүргізу қарастырылады. Бұл кәмелетке толмағандармен жұмыс жүргізу жөніндегі бөліністерде және әділет, ішкі істер, білім беру органдарында және ғылымда, соттарда, прокуратура мен адвокатураларда арнаулы бөліністер ашуды қарастырады [7].

Ювеналдық юстиция тұжырымдамасы кәмелетке толмағандарды бастапқы негіз ретінде алады. Кәмелетке толмағандар – бұл, Конституциямен және мемлекеттің өзге де заңдарымен қарастырылған субъективті құқықтарды, бостандықтарды және заңдық міндеттерді жүзеге асыруға жасы жетпеген жеке тұлға [4].

Кәмелетке толмағандар ұғымын заңға қосумен бірге кәмелетке толмағандар мен кәмелетке толғандар арасындағы заңдық шекара белгіленіп және соның нәтижесінде өз алдына бөлек адамдардың демографиялық тобы –арнайы құқықтар мен міндеттер арқалаушы топ пайда болды [8].

Мұндай өз алдына бөлек топтар құру ерекше психологиялық-физиологиялық және әлеуметтік қасиеттеріне негізделген кәмелетке толмағандарды арнаулы құқықтық қорғаудың ерекше қажеттілігінен туындап отыр.

Кәмелетке толмағандардың өсіп-өніп келе жатқан ағзалары айналасындағылармен, заң талаптарымен, ересектер тарапынан кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзушылықтармен көрінетін шиеленіске итермелейтін жағымсыз ішкі және сыртқы әсерлерден жеткіліксіз қорғалған. Сондықтан, кәмелетке толмағандардың жасына байланысты қабілетсіздіктері өмірдің өзгермелі жағдайларына байланысты аталған адамдарды жоғары құқықтық қорғау көмегімен орнын толтыруды талап етеді. Кәмелетке толмағандар қорғаушысы ретінде кәмелетке толмағандардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің көлемін анықтайтын және ювеналдық юстицияның шекарасын анықтайтын түрлі салалардың арнайы нормалары көрінеді.

Қазіргі кездегі соттардың негізгі міндеттерінің бірі, әсіресе, топтасқан кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алуға айтарлықтай жақсы жағдай тугызатын қылмыстық істердің соттық талқылауын сондай әсерлі деңгейін қамтамасыз ету болып табылады [8].

Сот ісін жүргізу мен заңға қатаң сәйкес келетін шешім қабылдау сотталушыларға,

сондай-ақ, қоғамға жат қылықтар жасауға бейім өзге адамдарға сондай белсенді ескертулік ықдал жасауы тиіс. Әрбір сот ісін жүргізу өскелең ұрпақ тәрбиесіне тікелей жауап беретін адамдардың жауапкершілігін арттыруға жұмылдырылған. Алдын алу жұмыстарының ауқымы мен сапасы қылмыстың жасалуына жағдай жасайтын себептер мен шарттардың қаншалықты терең және жан-жақты әшкереленгеніне тура байланысты.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты кәмелетке толмағандар қылмыстары туралы істер, әсіресе, топтасқан (соның ішінде, ересектер қатысқан істер бойынша) іс жүргізу кезеңде қылмыстық ізге түсу органдары мен соттардың әрбір қатысушыға қатысты жауапкершілік пен жазаны бірдей теңестіру міндеттілігі жайында бірнеше дүркін атап өткен болатын. Бұл жердегі маңыздысы кәмелетке толмағандар қылмысына қатысу түрінің сипаты мен дәрежесі және қылмыстық жаза мөлшерінің ықпалы туралы мәселе болады [4].

Сөйтіп, жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында ювеналдық юстиция жүйесі дамыту үшін құқықтық алғышарттар қалыптастырылған, бірақ заманауи қылмыстық іс жүргізу заңы осы құқықтық қатынастың нормативтік реттеу элементтеріне ғана ие болған [7].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Астана: ЖШС, «Деловой мир» Баспасы. 2010 ж. – 306 б.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24-тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Республикамыздың 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы.
3. www.akorda.kz
4. «Баланың құқықтары туралы» 2008 жылғы 8 тамыздағы ҚР Заңы
5. Неке (ерлі-зайыптылар) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі
6. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы
7. «Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» ҚР Президентінің 2008 жылғы 19 тамыздағы Жарлығы
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. ҚР 04.07.2014 № 231-V Кодексімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ РЕТІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫ

Бәшір Қаракөз, «Құқық және экономика негіздері мамандығы» 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент **Укин Сымбат Кенжебекович**
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университеті

Халықаралық құқық нормаларымен азаматтық іс жүргізу – Қазақстан азаматтық іс жүргізу құқығының институттарының бірі болып табылады. Оның пайда болуы нарықтық қатнастардың дамуымен байланысты.

Қазақстан егемендік алып, халықаралық құқықтың дербес субъектісі болғаннан кейін, елде шетелдік субъектілердің көлемі күрт өсті. Бұған 90-жылдың жартысына дейін біздің мемлекетімізбен жүргізілген Қазақстан Республикасының экономикасына инвестиция тарту саясаты әсер етті.

Халықаралық құқық нормалары мен мемлекеттердің тәуелсіздік құқықтарын құрметтеу мемлекеттер арасындағы сапалы өзара қатынастардың негізгі алғышарты болып табылады. Халықаралық құқық нормалары халықаралық қатынастардың пайда болуынан